

Әлеуметтік қорғауға мұқтаж адамдарды жұмысқа қабылдау үшін ұйымдарға ең аз жұмыс орындарын (квота) белгілеу мәселелері

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 25 маусым N 855.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.06.19. N 836 қаулысымен. ~P010836

Әлеуметтік қорғауға мұқтаж азаматтарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне, қоса беріліп отырған Әлеуметтік қорғауға мұқтаж адамдарды жұмысқа қабылдау үшін ұйымдарға ең аз жұмыс орындарын (квота) белгілеудің тәртібі туралы үлгі ереже бойынша әлеуметтік қорғауға мұқтаж азаматтарды жұмысқа қабылдау үшін ұйымдарға ең аз жұмыс орындарын (квота) белгілеудің тәртібін айқындау ұсынылсын.

2. Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің "Әлеуметтік қорғауға аса

мұқтаж және жұмысқа орналасуда қиындықтарға кезігіп жүрген адамдарды жұмысқа қабылдауды квоталаудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 1991 жылғы 4 қарашадағы N 664 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 25 маусымдағы
N 855 қаулысына
қосымша

Әлеуметтік қорғауға мұқтаж адамдарды жұмысқа
қабылдау үшін ұйымдарға ең аз жұмыс орындарын (квота)
белгілеудің тәртібі туралы үлгі ереже
(бұдан әрі - Ереже)

Осы Ереже Қазақстан Республикасының "Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" заң күші бар Жарлығына , Қазақ КСР-інің Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

1. Әлеуметтік қорғауға аса мұқтаж адамдарды жұмыспен қамтуға және оларды жұмысқа қабылдауға жәрдем көрсету мақсатында меншік нысанына қарамастан ұйымдарға жұмыс орындарының ең аз саны (бұдан әрі - квота) (квота) белгіленеді.

Жұмыс орындары (квота) - ұйымдардағы жұмыс орындарының әлеуметтік қорғауға мұқтаж адамдарды жұмысқа қабылдауға арналған бөлшегі (бөлігі).

2. Әлеуметтік қорғауға аса мұқтаж адамдарға азаматтардың мынадай санаттары: 20 жасқа дейінгі жастар; жасы кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеуші жалғызбасты және көп балалы ата-аналар; 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларды тәрбиелеуші ата-аналар; мүгедектер соңғы жұмыс орнынан шығу негізіне қарамастан ұзақ (бір жылдан астам) уақыттан бері жұмысы жоқ адамдар; зейнеткер жасына таяп қалған (зейнеткерлікке шығуына 2 жыл қалған) адамдар; бас бостандығынан айыру орындарынан босаған, соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп емдеуден өткен адамдар; құқыққа қарсы әрекет жасағаны үшін босатылған жағдайларды қоспағанда, әскери қызметтен зейнетақы алу құқығынсыз босатылған әскери қызметшілер; босқындар, мигранттар (оралмандар), әйелдер; ауыл тұрғындары; экологиялық зілзала аймақтарында тұратын адамдар, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан білім беру ұйымдарын бітірушілер жатады. <*>

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.12.22. N 1882 қаулысымен. P001882_

2. Квоталарды белгілеудің шарттары мен тәртібі

3. Квота туралы нақты ұсыныстарды әлеуметтік қорғауға аса мұқтаж адамдар топтарының мүдделерін қорғайтын қоғамдық ұйымдардың қатысуымен

аймақтағы жұмыс күшіне сұранымды және ұсынымды талдаудың, болжаудың негізінде жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар әзірлейді.

4. Жергілікті атқарушы органдар жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар ұсынған ұсыныстардың негізінде тиісті шешімдерімен өз аумағында орналасқан ұйымдарға әлеуметтік қорғауға аса мұқтаж адамдарды қабылдау үшін жұмыс орындарына квота және оны енгізу мерзімін белгілейді.

Квоталарды белгілеу кезінде әлеуметтік қорғауға мұқтаж адамдардың жасы және жыныстық құрамы, мамандығы мен біліктілік деңгейі, сондай-ақ ұйымдардағы қызмет түрі, режимі, сипаты мен әлеуметтік-тұрмыстық еңбек жағдайы ескеріледі.

5. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар қабылданған шешім туралы жұмыс берушілерді квотаны енгізуден бір ай бұрын хабардар етеді.

6. Квота мөлшері (ұйымда жұмыс істейтін адамдар санының 5%-інен аспайтын) жыл сайын кемінде бір жыл мерзімге белгіленеді.

7. Жұмыс берушілер белгіленген квотаға сәйкес азаматтардың осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген санаттарын жұмысқа орналастыру үшін қажетті жұмыс орындарын құрады немесе бөледі.

8. Квота бойынша жұмыс орындарына еңбекке орналастыру жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның (қалалық, қалалардағы аудандық, аудандық деңгейлердегі) жолдамасы бойынша жүргізіледі.

3. Жұмыс берушілердің әлеуметтік қорғауға аса мұқтаж адамдардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етудегі міндеттері және жауапкершілігі

9. Жұмыс берушілер жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган жіберген азаматтарды әлеуметтік қорғауға аса мұқтаж адамдарға арналған квотаға сәйкес жұмысқа қабылдауға міндетті.

10. Белгіленген квоталардың шеңберінде құрылған немесе бөлінген, босаған жұмыс орындары туралы ақпаратты жұмыс берушілер ұйымдарда белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес, олар пайда болған күннен бастап үш күн мерзім ішінде жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға ұсынуға міндетті.

11. Жұмыс берушілер тоқсан сайын жұмыспен қамту мәселелері

жөніндегі уәкілетті органға квотаның есебіне бөлінген жұмыс орындарының толығыуы жөнінде ақпарат ұсынады.

12. Жергілікті органдардың жұмыс орындарын квоталау туралы шешімін орындамаған немесе әлеуметтік қорғауға мұқтаж азаматтарды жұмысқа орналастырудан жалтарған жұмыс берушілер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

13. Квотаның есебінен бөлінген жұмыс орындарының толығын бақылауды жергілікті атқарушы органдар, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдардың инспекциясы жүзеге асырады.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Орынбекова Д.